САУРАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

«05» 02 2025 жыл №24

Теңгерімнен теңгерімге
өткізу туралы

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 9-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығына, «Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 29 қаңтардағы №37 бұйрығына сәйкес, Сауран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округінде орналасқан (кадастрлық нөмірі 19:331:001:290) «Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ елді мекеніндегі аумақтық органдар ғимараты құрылысы» нысаны Сауран ауданының коммуналдық меншігіне кабылданып, әрі қарай Сауран ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің «Шаруашылық басқару бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берілсін.
2. Қабылдаушы тараптар осы қаулыға сәйкес, қабылдау-өткізу актісін әзірлеп, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 10-бап, 4-тармағына сәйкес көрсетілген мерзімде «Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесіне бекітуге ұсынсын.
3. Қаулының орындалуын бақылау Сауран ауданы әкімінің салалық орынбасарына жүктелсін.
4. Қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Сауран ауданының әкімі **М.Таңғатаров**

Көшірмесі дұрыс:
М.Темірхан